

«Талдысай жалпы орта білім беретін мектебі»

«Бекітемін»

Мектеп директоры

 М. Т. Бимағанбетова

орынбасары

« 29 » 08 2024 ж.

«Келісемін»

Директордың тәрбие
ісі жөніндегі

 К.С. Мукашева

« 29 » 08 2024 ж.

«Баскетбол» үйірмесінің күнтізбелік жоспары

Пән мұғалімі: Сырмаханов Ш.К

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Бұл бағдарлама бойынша оқушыларды дене тәрбиесінен денсаулықтарын шынықтыру мен салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелейді.

Үйірме бұл сыныптан тыс жұмыстың ең белсенді әрі тиімді формаларының бірі, мұндағы тарау тақырыптар кеңейіп тереңдей оқытылады.

Онда оқушылар баскетбол ойыны туралы теориялық білімдерін практикамен ұштастыра отырып, тереңірек таныстыру, ойын барысында аса ептілік, ұқыптылыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелей отырып, барлық уақытта да төзімділік қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді. Қимыл қозғалыс жаттығуларын орындау техникасының дұрыс негізін қалап, оқушылардың икемділігін арттыру, қимыл сапаларын жетілдіріп, дене құрлысын дұрыс қалыптастыру және баскетбол спорттық ойынының түріне әуесқойлығын арттыру. Оқушылардың қозғалмалы дағдылары мен қимыл белсенділігін арттыратын жаттығулар негізінің бірі жылдамдыққа үйрену қасиеттерін жетілдіру болып табылады. Баскетбол ойынының қыр-сырын меңгерте отырып әр түрлі әдіс тәсілдерін меңгерту.

Үйірменің мақсаты:

1. Оқушылардың денсаулығын нығайту.
2. Дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыру.
3. Өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіру себептерін белсенді ету.
4. Баскетбол ойынының теориялық білімін практикамен ұштастыру арқылы әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Оқыту міндеттері:

Өмірлік маңызды қозғалыс дағдыларын, танымдық қозғалыс белсенділігін арттыруды қалыптастыруға себепкер болатын дене жаттығуларының негізгі түрлерін оқушылардың меңгеруіне көмектесу.

Уақыт пен кеңістікте қозғалыс әрекеттерін басқаруға деген ізденісті, шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін жағдай туғызу.

Спорттық ойынның бірі волейбол және дене жаттығуларымен дербес айналысуға қызығушылықты қалыптастырып дамыту.

**Баскетболдан 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін
үйірме сағаттарының жылдық жоспары**

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат	Күні, уақыты	Ескерту
1	Баскетбол Т.Қ.Е.Ойынның тарихы және ережесі.	1	05.09.2024	
2	Допты орында және қозғалыста жүргізу тәсілі.	1	12.09.2024	
3	Тездікті және бағытты өзгертіп доп жүргізу.	1	19.09.2024	
4	Допты жүргізу және тоқтату.Бұрылу тәсілдері.	1	26.09.2024	
5	Бір орында доп беру және қабылдау тәсілдері.	1	03.10.2024	
6	Қозғалыста доп беру және қабылдау тәсілдері.	1	10.10.2024	
7	Қозғалыста жасырын доп беру және қабылдау.	1	17.10.2024	
8	Шабуылдағы қозғалыс техникасы..	1	24.10.2024	
9	Шабуылда допты иелеу техникасы..	1	07.11.2024	
10	Шабуылда допты ойыншының іс-әрекеті.	1	14.11.2024	
11	Шабуылда допсыз ойыншының іс-әрекеті.	1	21.11.2024	
12	Қорғаныстағы қозғалыс техникасы.	1	28.11.2024	
13	Қорғаныста допты иелену техникасы	1	05.12.2024	
14	Қорғаныста допсыз ойыншының іс-әрекеті.	1	12.12.2024	
15	Қорғаныста допты ойыншының іс-әрекеті.	1	19.12.2024	
16	Қозғалыста түрлі алдамшы финттерді жасау.	1	26.12.2024	
17	Финт жасап допты жүргізіп секіріп себетке тас-у	1	09.01.2025	
18	Жеке шабуылшының іс-әрекеттері.	1	16.01.2025	
19	Топар болып шабуыл жасау әдістері.	1	23.01.2025	
20	Команда болып шабуыл жасау әдістері.	1	30.01.2025	
21	Тез жарып өтіп шабуыл жасау.	1	06.02.2025	
22	Орталық ойыншымен шабуыл жасау.	1	13.02.2025	
23	Тоскындық жасап шабуыл жасау.	1	20.02.2025	
24	Жеке ойыншының қорғану әдістері.	1	27.02.2025	
25	Топар болып қорғану әдістері	1	06.03.2025	
26	Команда болып қорғану әдістері.	1	13.03.2025	
27	Айып сызығында командалық қорғаныс.	1	20.03.2025	
28	Орта қашықтықтан қозғ-та себетке доп тастау.	1	27.03.2025	
29	6-7м қашықтықтан қозғалыста себетке доп тастау.	1	03.04.2025	
30	«Прессинг» ойын системасын үйрену.	1	10.04.2025	
31	«Крест» ойын системасын үйрену.	1	17.04.2025	
32	«Қайта крест» системасын үйрену.	1	24.04.2025	
33	Йгерілген әдістермен екі жақты оқу ойыны.	1	01.05.2025	
34	Екі жақты оқу ойыны,төрешілік жасау.	1	08.05.2025	

Мұғалімі:  Сырмаханов Ш.К

2024-2025 оқу жылындағы « Баскетбол» үйірмесінің жылдық талдауы

Үйірменің негізгі мақсаты: Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты - баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу; ағзаны шынықтыру, оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудық оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу; балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру; қозғалыс дағдысын тәрбиелеу болып табылады.

Әр секцияларда толық оқушымен қамтылған. Өткізу уақыт дүйсенбіден жұма аралығында бекітілген график бойынша өтіледі.

Үйірмелер мен спорт секцияларына қатыса отырып, балалар бос уақыттарын жеке тұлғаны дамыту үшін оң мақсатта пайдаланады. Оларға мектеп спорт залы, спорт қалашығы, стадион ұсынылды. Мектепте оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін жақсы жағдайлар жасалған деп айтуға болады.

Секция жұмысы бір жылға арналған бағдарламалар мен тақырыптық жоспарлар бойынша атқарылады. Спорт секциялары мен дене шынықтыру сабақтары таза ауада жылы мезгілде ұйымдастырылады. Үйірме кестеге сәйкес жүргізілді..

Үйірме бұл сыныптан тыс жұмыстың ең белсенді әрі тиімді формаларының бірі,мұндағы тарау тақырыптар кеңейіп тереңдей оқытылады.

Онда оқушылар баскетбол ойыны туралы теориялық білімдерін практикамен ұштастыра отырып,тереңірек таныстыру,ойын барысында аса ептілік,ұқыптылыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелей отырып,барлық уақытта да төзімділік қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді.Қимыл қозғалыс жаттығуларын орындау техникасының дұрыс негізін қалап, оқушылардың икемділігін арттыру, қимыл сапаларын жетілдіріп,дене құрлысын дұрыс қалыптастыру және баскетбол спорттық ойынының түріне әуесқойлығын арттыру.Оқушылардың қозғалмалы дағдылары мен қимыл белсенділігін арттыратын жаттығулар негізінің бірі жылдамдыққа үйрену қасиеттерін жетілдіру болып табылады. Баскетбол ойынының қыр-сырын меңгерте отырып әр түрлі әдіс тәсілдерін меңгерту.

Үйірменің мақсаты:

- 1.Оқушылардың денсаулығын нығайту.
- 2.Дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыру.
- 3.Өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіру себептерін белсенді ету.
- 4.Баскетбол ойынының теориялық білімін практикамен ұштастыру арқылы әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Өзектілігі:

Өмірлік маңызды қозғалыс дағдыларын,танымдық қозғалыс белсенділігін арттыруды қалыптастыруға себепкер болатын дене жаттығуларының негізгі түрлерін оқушылардың меңгеруіне көмектесу.

«Баскетбол» үйірмесі 2023 жылы ашылып, жоспар бойынша жүргізіліп келеді.

Үйірмеге 8-11 сыныптардан 21 – оқушы қатысып келеді. Үйірмеге әр жыл сайын оқушылардың қызығушылығы артып келеді.

Үйірмеге қатысуға тілек білдірген оқушылар әр тоқсан сайын тартылып, оқушылар саны көбейіп отырады.

Мектепте мектепшілік 8-11 сыныптар арасында баскетбол жарыстары ұйымдастырылып өтіп отырады. Жарысқа оқушылар өз сыныптарымен белсенді түрде қатысып жүр.

Қыркүйек айында оқушыларды үйірмеге өтініштері бойынша қабылдау .

Қауіпсіздік шараларын басты назарда ұстау.

Қазан айында дайындық жарыстарын жанжақты дамытып, оқушылар баскетбол ойынының ережелерін толық меңгерді

Қараша айының 20-21 күндері Талдысай жалпы орта білім беретін мектебінде баскетболдан 8-11 сыныптар арасында сыныпаралық лига жарысы өткізілді. Жарысқа 8-11 сыныптардан 50 оқушы қатысты.

Тартысты өткен жарыс қортындысында 11 сынып 1-орын, 10 сынып 2-орын, 8 сынып 3-орынды

иеленді. Оқушылар тәртіпті қатаң сақтап, белсенді түрде жарыстың өтуіне ат салысты.



Баскетбол үйірмесінің жұмыстарын аудандық семинарда көрсетіп Алғыс хатпен марапатталдым.

Сәуір айында 7-8 сынып оқушылары облыстық баскетболдан мектеп лига жарысына қатысты.

Үйірме жетекшісі:

Сырмаханов III